



ЖАСТАР ӘЛЕМІ МИР МОЛОДЕЖИ

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті * Карагандинский государственный университет имени академика Е. А. Букетова

Бүгінгі нөмерде

«Сенің таңдауың —
сенің болашағың!»

бет. 2

Советы для начинающих
избирателей

стр. 4

«Жүйріктен жүйрік
озар жарысқанда»

бет. 6

КарГУ — чемпион

стр. 7

Студенттер Альянсының
алар асуы алда

бет. 8

Творческие диалоги
с профессионалом

стр. 11

Сегодня в номере



Қош келдің, өз Наурыз!

Наурыз мейрамының тарихы тым тереңде жатыр. Тоталитарлық жүйе белең алып тұрған кезде барлық ұлттық мерекелерді атап өтуге тыйым салынған еді. Егер де дәстүрлік мұралар туралы сөз қозғала қалса, оларды ескіліктің қалдығын аңсаушылар деп айыптады. Осылайша 1926 жылы Наурыз мейрамын тойлауға тыйым салынған болатын.

Көп жылдардан кейін, тек 1988 жылы ғана аталмыш мейрам қайта жаңғырды және ең қызықтысы сол, халық арасында үлкен қолдаушылыққа ие болды. Қазақ КСР Президентінің 1991 жылғы 15 наурызда шыққан «Халықтың көктемгі ұлттық мерекесі — «Наурыз мейрамы» жарлығы негізінде Наурыз мейрамы ұлттық мереке ретінде ресми түрде тойлана бастады. Президент 22 наурызда көктемнің теңелу күні, «Наурыз мейрамы» күні деп жариялады. Осы кезден бастап республиканың түкпір-түкпірінде «Наурыз мейрамын» тойлау кең қанат жайды.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-да Наурыз мейрамы өте кең ауқымда тойланады. Мерекелік іс-шара университет шеңберімен шектеліп қана қалмай, жалпы қалалық мерекеге, тіпті республикалық акцияларға да ұласып жатады. 2011 жылдың наурыз айында дәстүрдегідей студенттік дәрісханаларда кураторлық сағаттар өтеді. Онда студенттер Наурыз мей-

рамының тарихымен, дәстүрімен танысады, бүгінгі таңда бұл мерекенің жалпы халықтық мереке ретінде тойлануын, Қазақстан территориясындағы барлық ұлттар мен ұлыстардың басын қосқан еңбек пен бірлік, жалпыұлттық көктем мерекесі туралы өз ой-пікірлерін ортаға салады.

Жатақханаларда «Наурыз мейрамын бірге тойлаймыз» атты мәдени-бұқаралық және сауықтыру іс-шаралары өтті. Бұл іс-шаралар еліміздегі әртүрлі ұлт өкілдерінің ұлттық мерекемізді бір атаның баласындай тойлайтынына тағы бір тамаша дәлел бола алады. Наурыздың 21-22-сі күндерінде Green Mart (Оңтүстік-Шығыс автобекеті) сауда үйі жанындағы алаңда «Е. А. Бөкетов атындағы ауыл» киіз үйі болады. Бұл жерде мерекелік үстел жайылып, қонақтар шақырылады. Киіз үй жанында ҚарМУ-дың шығармашылық ұжымы «Қош келдің, өз Наурыз!» атты театрландырылған қойылым көрсетеді, әндер шырқалып, домбыра шегінде күй ойналып, би ұжымы көктемге және жаңаруға арналған композицияларды орындайды.

Тағы бір тамаша жаңалық, бұл күні көпшілік ҚарМУ балуандарының өнеріне тәнті бола алады. Бұл мерекелік іс-шара күндізгі 11:00-ден басталып, 15:00-ге дейін жалғасады. Аталмыш мерекеге университетіміздің барлық оқытушылары мен студенттерін бір кісідей қатысып, атсалысуға шақырамыз.

Добро пожаловать в Наурыз!

Праздник Наурыз имеет непростую судьбу. В эпоху тоталитарной системы, когда все национальное было признано несущественным, а все упоминания о традиционном наследии причислены к пережиткам древности, Наурыз мейрамы был отменен (1926 г.). Впервые после долгих лет забвения в Казахстане он праздновался в 1988 году. Официальное признание праздника Наурыз приобрел 15 марта 1991 года, после выхода Указа Президента Казахской ССР «О народном празднике весны — Наурыз мейрамы». Президент страны объявил 22 марта, день весеннего равноденствия, праздничным днем — Наурыз мейрамы. С этого времени началось широкое празднование Наурыз мейрамы по всей республике. Современные традиции праздника существенно отличаются от прежних. Это не только театрализованные представления и богато убранные юрты, вкусно приготовленный Наурыз коже, но и проведение благотворительных акций, народных спортивных игр, посадка деревьев, очистка парковых и других зон отдыха.

В КарГУ им. Е. А. Букетова праздник Наурыз празднуется очень широко. Праздничные мероприятия выходят за пределы университета и становятся частью общегородских и даже республиканских акций. В марте 2011 года в студенческих аудиториях по традиции проходят кураторские часы, на

которых студенты знакомятся с обычаями праздника Наурыз, рассуждают о том, что в наши дни Наурыз мейрамы стал общенародным праздником весны, труда, объединяющим многие народы, проживающие на территории Казахстана. В общежитиях прошли культурно-массовые и оздоровительные мероприятия на тему «Празднуем Наурыз под общим шаныраком».

21 и 22 марта на площади у торгового дома Green Mart (автостанция Юго-Востока) будет установлена юрта «Аул имени Е. А. Букетова», здесь будет накрыт праздничный стол, будут приглашены гости. Возле юрты творческие коллективы КарГУ 22 марта устроят театрализованное представление «Добро пожаловать в Наурыз!» — будут звучать песни, заиграет домбра, будут показаны традиции казахов.

Затем состоятся показательные выступления спортсменов КарГУ. Пройдут соревнования по поднятию гирь, армрестлингу, перетягиванию каната, тоғызқумалаку. Начало праздничных мероприятий в 11:00. Праздник продлится до 15:00. Принять участие в торжестве приглашают всех преподавателей и студентов нашего университета, чтобы еще раз убедиться в том, что сегодня древний праздник одинаково дорог казахстанцу любой национальности.



«Сенің таңдауың — сенің болашағың!»

Жаңа 2011 жыл еліміз үшін маңызды оқиғаларға, жетістіктерге толы кезек болды. Кеше ғана ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп, Ақ Азиаданы абыроймен өткіздік. Тұғырлы тәуелсіздігімізге 20 жыл толуымен қатар, алда тағы бір жауапты қадам күтіп тұр. Аз ғана уақыт ішінде жаппай Қазақстан Республикасының Президентінің кезектен тыс сайлауы өтеді. Ынтымағы жарасып, ырысы та-

сыған халқымыздың қолында мемлекетіміздің болашақ тағдыры. Тәуелсіздігіміздің баянды, келешегіміздің кемел болуы үшін әрбір қазақстандық дұрыс таңдау жасау керек. Осы мақсатта академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде жалпыуниверситеттік патриоттық акция өтті. Шара шеңберінде университеттің бірінші проректоры Р. М. Жұмашев сөз

алып, әрбір азаматтың сайлауға қатысуы — Ата Заңымызды қолдауы, сондықтан мемлекеттің тағдыры шешілгелі тұрған жауапты қадамнан қалыс қалмайық дегенді айтты. Патриоттық акцияда «қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болам» деген жалынды жастар да «сенің дауысың — сенің болашағың» деп ұрандап, Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрайымы Әсел Сейітжанқы-

зы мен студенттер Альянсының көшбасшысы Айжан Нұржанова бастаған бір топ жастар ұйымының белсенділері ортаға шығып, замандастарына сайлауға бір кісідей ат салысайық, мемлекетімізді қолдайық деп үн тастады.

Көздерінен жалын атқан қазақтың қыз-жігіттері, көк байрағымыз «Мен қазақпын!» әнімен қолдарында желбіреп тұр... Еліміздің болашағы осындай жастарымыз тұрғанда, жарқын болатынына кәміл сенуге болады. Іле университетіміздегі ұлтаралық мәдени орталықтың координаторы Надежда Козлова, Дебат клубының мүшелері Қанағат Ешмағамбетов және интеллектуалды клубтың, педагогикалық, құрылыс жасақтарының өкілдері сахнаға көтерілді. «Болашақтың таңдауын бірге жасайық!» деген ұрандар, жалынды сөздер облыстық байқаулардың лауреаты Әсет Жабаевтың орындауындағы «Атамекен» әнімен жалғасын тапты. ҚарМУ Студенттік парламентінің төрағасы Еркен Беркенов, Мемлекеттік қызмет мектебінің тағылымдамашысы Дидар Смағұловпен қатар студенттік ұйымдардың белсенділері де патриоттық акцияда пікірлерін білдіріп, Қазақстанның болашағы — дұрыс таңдауда екендігін тағы бір есімізге салды. Асқақ сезімдер облыстық жас орындаушылардың «Жас қанат» конкурсының Гран-при иегері Амандық Сатыбаевтың, облыстық, республикалық, халықаралық конкурстардың, фестивальдердің лауреаты Сана Мұқанованың орындауындағы асқақ әндермен де айшықталып жатты. Акцияға қатысушы студенттер 3 сәуір күні өтетін Қазақстан Республикасының кезектен тыс сайлауына белсенде қатысатындықтарына сенім білдірді. Еліміздің саяси аренасында басты рөл ойнайтын Елбасы сайлауында дұрыс таңдау жасауға шақырған акция осылайша мәресіне жетті.

Гүлсиян ЫБЫРАЙ,
ҚарМУ студенті

Біле жүріңіз...

ҚарМУ студенттері қалай және қайда дауыс береді

Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-да ҚР Президентін кезектен тыс сайлауға белсенді дайындық жүргізілуде. Университетте ҚР сайлау туралы Заңының талаптарына сәйкес ресімделген сайлау комиссияларына арналған 6 учаске құрылған. Барлық учаскелерде дауыс беруге арналған залдар даярланды. Сайлау учаскелерін академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың тәжірибелі оқытушылары мен қызметкерлері басқарады. Аймағымызда «Сайлаушы» акциясы өтуде, оның аясында сайлаушылар тізімі дәлденеді, мобильдік топтар тұрғын үйлерді аралап, сайлау құқығына ие әр азаматтың дауыс беруге қатыса алуына мүмкіндік беру үшін тіркеу жүргізеді. Біздің университетте дауыс беруге 8 930 адам қатыса алады, олардың ішінде 2038 оқытушы, 6 156 студент және 316 магистрант пен докторант бар. Қарағанды қаласында дауыс беруге 8 161 адам қатыса алады, қалғандары серіктес қалаларда тұрғылықты тіркелу орындары бойынша дауыс береді. Университет студенттерінің ішіндегі дауыс беретін 1155 адам жатақханада тұрады, олардың 1048-і № 177 сайлау учаскесінде (ҚарМУ-дың бас ғимараты) дауыс беретін болса, 407 адам (№ № 5, 6 жатақханаларда тұратындары) № 79 учаскесінде (ҚарМУ-дың № 8 оқу ғимараты) дауыс береді. ҚарМУ-дың 997 студенті Қарағандыда тұрғанымен, Қазақстан Республикасының басқа қалаларында тіркелген. Егер олар өз сайлау құқықтарын Қарағанды аумағында жүзеге асыруға ықылас танытса, олар Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудан әкімінің атына өтініш жазулары керек. Содан кейін олар жоғарыда аталған сайлау учаскелерінің бірінде тіркеуге алынып, тұрғылықты орындарына бармай-ақ Қарағандыда дауыс беру мүмкіндігіне ие болады. Барлық сұрақтар бойынша сайлау учаскелеріне хабарласа аласыз.

Дауыс беру құқығы және міндеті: жаңадан дауыс берушілерге арналған пайдалы кеңестер

2011 жылдың 3 сәуірінде Қазақстанда ҚР Президентін кезектен тыс сайлау рәсімі өтеді. Ел тағдырын шешуге Қазақстанның 18 жасқа толған және дауыс беру құқығына ие 9 млн. 100 мыңға жуық азаматы қатысады.

Заңнамада сайлау құқығына шектеу қою тек екі жағдайда қарастырылады: дауыс беру құқығына ие болу үшін Қазақстан азаматы заң күшіне енген сот шешімі бойынша бас бостандығынан айырылмауы қажет, сонымен қатар сот шешімі бойынша әрекет істеуге құқығы жоқ деп танылған азамат сайлауға қатыса алмайды. Заңнамада белсенді сайлау құқығына қойылатын басқа шектеулер қарастырылмаған.

Қазақстан азаматының дауыс беру құқығы өз еркінде екенін атап өткен жөн. Бұл жағдайда біздің заңнама Бельгия, Австралия сияқты елдердің заңдарына қарағанда біршама демократияшыл, өйткені бұл елдерде дауыс беру міндет болып саналады, ал дәлелді себепсіз дауыс беруге келмеген азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Басқа жағынан алып қарасақ, адамның ақыл-ойы мен сана-сезімі үшін дауыс беру құқық ретінде қабылдана, ар-намысы мен жүрегі үшін — ол міндет. Сондықтан жастар азаматтық бастама танытып, дауыс беруге қатысуға тиіс, өйткені олардың берген әр дауысы еліміздің таяудағы бес жылдағы тағдырын шешуде себепкер болады.

Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша дауыс беру құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік жасау үшін тиісті жер-

гілікті атқарушы орындар халық санағын жүргізген органдар ұсынатын мәліметтер негізінде сайлаушылардың тізімін құрастырады. 2011 жылдың 18 наурызынан бастап сайлаушылар тізімі барлық сайлау учаскелеріне тапсырылады. Сонымен, сайлаушылар тізімдермен таныса алады, берілген мәліметтердің дұрыстығы тексеріліп, қажет болған жағдайда, тізімге енгізбеу, дұрыс енгізбеу немесе тізімнен алып тастау, сондай-ақ тізімде жіберілген дәлсіздіктер бойынша тиісті сайлау комиссиясы мен сотқа шағымдану мүмкіндігі беріледі. Қазірден бастап Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының сайтындағы <http://election.kz> интерактивті сервері көмегімен өзіңізді сайлаушылар тізімінен тексеріп қарай аласыз немесе 18 наурыздан өз сайлау учаскесіңізге келіп, тізімдерді тексеруге мүмкіндігіңіз бар.

Сайлаушылар тізімінен өзіңізді таба алмаған жағдайда, сол сайлау учаскесіне бекітілген ауданда тіркелу фактің құжат арқылы дәлелдеу қажет болады. Содан кейін сайлау комиссиясы Сізді сайлаушылар тізіміне енгізуге міндетті болады.

1 сәуірде дейін ҚР Президенті лауазымына үміткер төрт кандидаттың сайлау алдындағы науқаны жүргізіледі. 2 сәуірде үгіттеуге тыйым салынады, сонда азаматтар ел болашағы үшін жауапты шешім қабылдай алады.

Сайлау күні тіркеу орны бойынша сайлау учаскесіне келіп, дауыс бере алмасаңыз, 18 наурыздан бастап өз учаскесіңізде жеке басыңызды куәландыратын құжатпен бірге жарамды болып санала-

тын шығару куәлігін алып, сол бойынша 3 сәуірде өзіңіздің нақты мекен-жайыңыз бойынша дауыс бере аласыз.

3 сәуірде, жексенбі күні сайлау учаскелері таңертеңгі сағат 7-ден бастап кешкі сағат 20:00-ге дейін жұмыс жасайды. Сайлау учаскесіне жеке басыңызды куәландыратын құжатпен (мысалы, жеке куәлік; уақытша берілетін жеке куәлік; Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты; шақыру бойынша әскери борышын өтеп жүрген әскери қызметкерлер үшін әскери билет) келіп дауыс бере аласыз. Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша әр сайлаушы жеке және жасырын түрде дауыс береді, сондықтан уақыт үнемдеу мақсатында достарыңыздың немесе отбасыңыздың барлық мүшелерінің куәліктерін алып, олар үшін дауыс бере алмайсыз. Дауыс беру кабинада өтеді, ол жерде тек Сіз ғана бола аласыз. Сіз таңдаған үміткердің фамилиясы қарсысындағы квадратқа кабинадағы қаламмен белгі қойып, өз таңдауыңызды жасайсыз. Содан кейін бюллетенді арнайы жәшікке саласыз. Қойылған белгі біреуден көп болса немесе сайлаушының еркін анықтауға мүмкіндік болмаған жағдайда, бюллетень жарамсыз деп саналатындығын естен шығармау керек.

Сіздің таңдауыңыз — сіздің болашағыңыз!

СЕРГЕЙ МИХАЛЕНЯ

№77 САЙЛАУ УЧАСКЕСІНІҢ КОМИССИЯ МҮШЕСІ,
САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ КАФЕДРАСЫНЫҢ ОҚЫТУШЫ

«Бақ берерде елге ырыс қонады, ұстанған жолы дұрыс болады»

«Біз, тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде» мемлекеттілікті құрумыздың жиырма жылдығы қарсаңында жолданған бұл Жолдаудың өзіндік ерекшелігі болды. Жаңа, тәуелсіз мемлекет құрып отырған еліміз үшін бұл ұзақ уақыт деп айтпас едім. Десек те, әлем картасында көгінде қыран құсы қалықтаған, татулық пен бейбітшіліктің символына айналған, өзінің егемен Конституциясы бар Қазақ елінің алар орны ерекше.

Биыл егемендігінің жиырмамыншы жылдығына аяқ басқан еліміз алғашқы қадамдарын ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайда бастаған болатын. Болашағы бұлыңғыр болып көрінген бұл мемлекеттің Орталық Азияда көшбасшы атанып, зор жетістіктерге жетуінің бірден-бір кілті — халық бірлігі. «Алтау ала болса — ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса — төбедегі келеді» демей ме қазақта. Осынау бірліктің болмауы Қазақ хандығы кезінде көптеген қиыншылыққа әкелгендігі баршамызға белгілі.

Қош, сонымен сөзіміздің басында айтылғандай, биылғы Жолдау несімен ерекшеленді дегенге тоқтала отырсақ. Өз сөзінде Президент Н.Ә. Назарбаев тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктерді бағамдап, алдағы атқарылар істердің басын ашты. Осы жылдары шет елдерден 800 мыңнан астам отандасмыз келіп, халық саны бір жарым миллионға артқандығы, ел экономикасына 120 миллиард доллардан астам шетелдік инвестиция тартылып, 1994 жылмен салыстырғанда 2011 жылы халықтың жан басына шаққанда ЖІӨ 12 есеге өсіп, 9 мың АҚШ долларын құрағандығы атап өтілді.

Алдымен экономика, одан кейін саясат стратегиясын ұстанған еліміздің бұл шешімі өзін то-

лық ақтады. Оған көрші мемлекеттер мен соңғы кездері Египет, сонымен қатар бірқатар араб мемлекеттерінде орын алған қақтығыстар көзімізді жеткізді. Десек те, жетістік пен кемшілік әрқашан бірге жүретін егіз ұғым екендігін жадьмыздан шығармағанымыз абзал. «Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» демекші, айта-айта құлаққа жауыр болған тақырып — мемлекеттік тіл мәселесі. Алға жылжу бар, әрине, бірақ көңілден шығады деп айтпассың...

Тіл мәселесі Елбасының назарынан бұл жолы да қалыс қалмады. «Қазақстандықтардың өзіміз өмір сүріп, елімізді жақсылықтарға бастап бара жатқан туған жерге атауын берген мемлекеттік қазақ тілін құрметпен және лайықты оқып-үйрене бастағандығын атап өтудің өзі қуанышты» дей келе, Президент Н.Ә. Назарбаев бүгінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі басым екендігін атап көрсетті. Алға қойылған тапсырмалар мен мақсаттарға келер болсақ, енді он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығатындығы, мемлекеттік тілді білетіндердің саны 2017 жылға қарай 80 пайызға, ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиістігін тілге тиек етті.

«Туған тілім тірлігімнің айғағы, Тілім барда айтылар сыр ойдағы, Өссе тілім, менде бірге өсемін. Өтсе тілім, мен де бірге өшемін!» — деп ақын Әбділдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай, тіл қай елде болса да қастерлі. Әрине, болашақта тіліміз көркейер-ау деген үміт басым...

Өзім студент болған соң білім саласында қандай өзгерістер болатындығына ерекше назар аудардым. Әрине, білім — кез келген мемлекеттің аса маңызды стратегиялық ресурсы екендігі баршамызға аян. Өйткені, қазіргі ақпараттық

технологиялар заманында елдің қуаттылығы оның материалдық, табиғи мүмкіндіктерімен ғана емес, адами капиталымен анықталады. Ал адами капиталдың өзегі, күретамыры — білім. Білім беру процесінде кәсіптік, функционалдық оқыту бағдарламаларынан гөрі жеке тұлғаны дамытуға бағытталған тұжырымдамалар маңыздырақ. Себебі, қазіргі қоғам интеллектуалдық деңгейі өте жоғары, өзгерістерге жедел бейімделе алатын іскер әрі бәсекеге қабілетті тұлғаны қажет етеді. Осы тұста Қазақ халқы көп еңбектенуде.

Білім беруді жаңартуды жалғастыру қажеттігін атаған мемлекет басшысы балаларды мектепке дейінгі оқыту және тәрбиені қамту үлесі 2015 жылға қарай 74 пайызды, 2020 жылға қарай — 100 пайызды құрауы тиістігіне, 2020 жылға қарай білім берудің 12 жылдық үлгісіне толық көшу қажеттігін, инновациялық қызметті жүзеге асыратын және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізетін жоғары оқу орындарының үлесін 5 пайызға дейін ұлғаюы тиістігіне тоқталды.

Елбасымыздың «Алдымызда атқарылар қыруар істер бар. Бұл жолда біздің ең басты күндылығымыз — берекелі бірлігіміз. Мен ауызбіршіліктен айнымайтын ажжүрек жұртымыздың қуатты ұлтқа, шуақты ұлысқа айналарына кәміл сенемін. Халқымызда «Бақ берерде елге ырыс қонады, ұстанған жолы дұрыс болады» деген даналық сөз бар. Біз бүгінгі Жолдау арқылы мерейлі белестегі атқарған істерімізді қорытындылап, болашақта бағдар жасадық» — деген жүрежарды сөздері жүрегімізден мығым орын алады.

Қ. ЕШМАҒАМБЕТОВ,
Е. А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРМУ
Студенттік парламенттің депутаты

Дамудың сара бағыты айқындалды

Мемлекет басшысының кезекті Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» деп аталды. Мемлекет басшысы айтулы Жолдау барысында атқарылған істер мен желенген міндеттерді нақты мысалдармен айшықтап өтті. Ел дамуының стратегиясын, басымдықтар мен болашағын, мемлекетіміздің ырғақты дамуына қатысты нақты мақсаттарды айқындап берген басты құжатта денсаулық сақтау, білім беру, тілді дамыту, халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық салаларына айрықша назар аударылған. Елбасы атқарылған жұмыстарды саралай отырып, болашақта

атқарылатын игілікті істерге кеңінен тоқталды. Білім беруді әлемдік кеңістікке шығару — басты мақсат. Осы бағытта білім беру саласындағы түйткілді мәселелерді оңтайлы шешу турасында тың ойлар қозғалды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру ел болашағының кепілі екендігі баса айтылды. Уақыт талабын көтерген, келешекті болжаған кемел Жолдау ел ішінде үлкен серпіліс туғызды. Ой — айқын, міндет — нақты. Осынау маңызды міндеттерді іскерлікпен жүзеге асыру — баршамыздың ортақ міндетіміз. Бар ғұмыры ел тағдырымен еншілес Елбасымыз айтқандай, «Біз жасампаздықпен жұмыла

кіріскендіктен дамудың даңғыл жолына түстік. Толағай табыстарымен дүниежүзін мойындатқан Қазақстанның әлеуеті артып, экономикасы серпінді бола түсті». Биылғы Жолдау — елдің ертеңгі дамуының арқауы. Қасиетті жұма күні жалпы жұртшылыққа жол тартқан Елбасының кезекті Жолдауы қазақстандықтар тарапынан қолдау табады деген сенімдеміз.

С. ҚАСЫМОВ,
ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ,
ҚАРМУ ДОЦЕНТИ

«Берекелі елдің бетін ешкім қақпайды»

Қазақстан бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне қадам басқалы тұр. Біздің өміріміз түбегейлі өзгеріп, еліміз тәуелсіздікке ие болған өткен ғасырдың тоқсанмыншы жылдары тарихқа озғанына да көп уақыт өте қойған жоқ. Сана мен сезімнің ширығуы жағынан бұл ерекше жылдар болды. Халқымыздың басына түскен қандай да бір сынаққа қарамастан біз тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы жасампаз істерімізді жалғастыра бердік.

1997 жылы қабылданған «Қазақстан — 2030» даму стратегиясында еліміздің ұзақ мерзімді бағыт-бағдары, басты мақсаты мен басымдықтары белгіленіп, қазақстандықтар жоспарланғандай өмір сүре бастады және оң нәтижелерге қол жеткізді. «2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады». Посткеңестік елдер ішінен, Азия аймағы елдері ішінен алғашқы болып «кәрі құрлықтың» төріне шығып, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төраға болып қана қоймай, он жыл бойы басы бірікпей ортақ шешімге келе алмай жүрген 55 елдің мемлекет басшыларын қабылдап, киелі Елордамыз — Астана қаласында аталмыш ұйымның Саммитін өткізді. Бұл ел тарихында XXI ғасырдың алғашқы он жылдығында алтын әріптермен жазылатын оқиға болды.

Елбасының сарабал саясатының арқасында біз тек сыртқы саясатта ғана емес, сонымен қатар ел экономикасының барлық салалары

бойынша сапалы өзгерістерге куәгер болып келеміз. Халық шаруашылығында экономикамыз жаңа деңгейге көтерілуде, ел экономикасы үдемелі индустриялы-инновациялық даму жолына түсті. Бір жыл ішінде жаңа 152 өнеркәсіп орыны іске қосылып, қосымша жұмыс көздерін ашуға мүмкіндік берді. Алдағы уақытта 294 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Осы орайда Елбасының «алдымен экономика, сонан соң саясат» деген ұраны өзінің оң нәтижелерін көрсетті. Орнықты және үйлесімді даму ұлттық экономиканы жедел диверсификациялау және бәсекелестікті арттыру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Біздің басты мақсатымыз — еліміздің алдағы онжылдықтағы экономикалық өрлеуін қамтамасыз етіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу болып табылады.

Экономиканың қарыштап дамуы мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүзеге асыруға толық мүмкіндік береді. Көптеген елдерде зейнетақы мен жалақылар төмендеп жатқанда, біздің ел жыл сайын 25—30 пайызға көтеріп отырды. Нәтижесінде халықтың әл-ауқаты көтеріліп, әлем мемлекеттерінің рейтингінде Қазақстан 26 сатыға ілгерілеп, 110 ел арасынан 50-ші орынға көтерілді. Біздегі орташа айлық жалақы 80 мың теңгені құрап отыр. Бүгінде барша Қазақстандықтар сапалы медициналық көмек алумен қатар толық әлеуметтік қорғалуға қол жеткізіп отыр.

«Еліміз білім беру ісін дамытуда 129 елдің арасында көш бастаушылар қатарында келеді», — деп атап көрсетті Елбасы. Бұл XXI ғасырда адам капиталының дамуына ерекше көңіл бөлетін кезде біздің ел тыс қалмағанын көрсетіп

отыр. Соңғы онжылдықта білімге бөлінетін қаржы көлемі 10 есеге өсті. Еліміз бойынша жүздеген жаңа мектептер салынып, толық жабықталып, жаңа ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етіліп отыр. Уақыт көрсеткендей бұл ақталған инвестициялар болды. Жастар ел қабырғасында ғана емес, шетелде де білімін шыңдауға мүмкіндік алды. Тек осы заманға сай білім беру жүйесін құрған кезде ғана біз өз ісін толық білетін мамандар дайындап, Елбасы жүргізіп отырған реформалардың алға қарай жүзеге асуын қамтамасыз ете аламыз. Экономиканың инновациялық жолға түсуі ғылымның дамуы арқасында ғана қол жеткізуге болады. Осыған байланысты Елбасының тікелей тапсырмасымен «Ғылым туралы» Заң қабылданды. Бұл — отандық ғылымның халықаралық сахнада бәсекеге қабілеттілігін арттыратын үлкен қадам.

Бүгінде еліміздің даму сатысы маңызы үлкен межелі тұста тұр. Алдымызда Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерекесі келе жатыр. Өз ғұмырын ел тағдырымен байланыстырған, күрмеуі қиын түрлі тағдырлы шешімдерді жүргізіп өткізіп қабылдаған Елбасының арқасында қазір бұл межеге іргеміз нығайған, күш-қуатымыз артқан, жетілген мемлекет ретінде келіп тұрмыз. Қазақстан — бүкіл әлем сыйлайтын және есептесетін беделі биік іргелі ел болды. Алдымызда биікке жетелейтін үлкен мақсаттар тұр. Оған жалпы ұлт болып ұйысып, халық болып жұмылу қажет.

ЕРЖЕН БЕРКЕНОВ, экономика факультетінің 3 курс студенті,
Студенттік парламенттің төрағасы

Жолдауға — қолдау

Ертеңіме сенемін

Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа Жолдауы жамағаттың жадында ұзаққа орнығары күмәнсіз. Өйткені, мемлекетіміздің мерейлі межеден асып, өткен күннің өрісін өлшеп, келер күннің кесімін анықтаған ойлар осы Жолдаудың мазмұны мен мәніне айналды. Салиқалы саясат пен серігі сенім болған жас мемлекеттің басқан қадамдары сәтті іске асты, оған әрбір Қазақстанның азаматы куә.

Тәуелсіздік таңы атқанда, алдымызда талай шешілмеген түйін, шынары биік белестер болғаны мәлім. Ал бүгінде, қазақстандықтар сол шынардың бірінде бой түзеп, ағайын елге алақан ұсынып, алыстағы ұлысқа сенімді серіктес болуға дәрежесі жетті. Отанымыз әлемдік саясаттың көшіне ілесіп қана қоймай, сол көштің ұтымды бағдарларын анықтауда өз үлесін қосуда. Жас қазақстандықтар үшін бұл тек кеудені кернейтін мақтаныш сезімі ғана емес, бұл сауатты саясат пен отансүйгіштіктің айқын үлгісі.

Елбасының бастамаларының арқасында Еуразия кіндігінде өмірге келіп жатқан айтулы саяси оқиғалар мен жаһандық жаңалықтар Қазақстанды әлем жұртшылығына танытумен қатар, ертеңгі күннің іргетасын бүгін қалау әрекетімен ұштасады. Жылдан-жылға қарыштап дамып келе жатқан рухани, салауатты, зияткерлік әлеуеті тұрғысынан бай халқы бар мемлекетпен кім әріптес болудан бас тартады? Бұл ойдың негізі бекер емес. Өйткені, елімізде іске асып жатқан барлық ізгі бастамалардың тірегі де, түбірі де — Қазақстанның халқы және де бұл идея жаңа Жолдауда тағы да айқындалды. Экономика саласындағы негізгі екіпіннің өндіруші секторға үстелуі, шағын және орта бизнестің дамуына жаңа заңдық және қаржылық негіздердің пайда болуы, еліміздің экономикасымен қатар халқымыздың әл-ауқатын арттырары сөзсіз. Әлеуметтік саясаттың жолдаудағы орны бөлек. Оның тек мазмұндық жаңаруымен бірге білім беру, денсаулық сақтау және тілдерді дамыту бағыттарының айшықталуы қазақстандықтардың әл-ауқатының артуының негізі болып табылады. Осы елде отбасын құрып, ұрпағын жалғастыратын мен секілді жас қазақстандық үшін Жолдауда аталған барлық міндеттер мен жаңалықтар ертеңгі күнге деген сенімді арттырып, армандарыма қанат бітіреді.

Қилы заман көпірінен абыроймен өткізген, халқымыздың санасында өшпес өнеге болып қалатын ерендері ұлықталып, еңселері еселене берсін! Елбасымен бірге жарқын ертеңгі күнге жетейік!

БІРЖАН ӨЛІМЖАНОВ,
ҚАРМУ МАГИСТРАНТЫ,
ҚАРАҒАНДЫ ЖАСТАР МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТ МЕНТБЕІНІҢ АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ

Новости

**Встреча с депутатом:
перед молодежью открыты
новые горизонты**



Именно эта идея была озвучена депутатом Мажилиса парламента М. Тиникеевым на встрече в Карагандинском государственном университете имени академика Е. А. Букетова. Встреча была посвящена обсуждению Послания Президента РК народу Казахстана «Построим будущее вместе!»

В конференции приняли участие Тиникеев Мухтар Бырыкулы, депутат Мажилиса парламента, ректор КарГУ Кубеев Еркін Кинаятovich, первый проректор КарГУ Жумашев Рымбек Муратович, а также гости, студенты и преподаватели университета. Открыл встречу приветственной речью ректор. Он отметил, что депутат Тиникеев также был выпускником КарГУ, и его активная политическая и общественная деятельность — это яркий пример того, чего могут добиться студенты нашего вуза. Сам же депутат Мажилиса парламента отметил, что студенты — это самая активная часть населения Казахстана, и от их общественной позиции зависит достижение многих целей, которые поставлены Президентом в его последнем Послании. Он также отметил, что в новом Послании Нурсултана Назарбаева системно и полно отражены основные задачи развития государства и пути их реализации.

В послании четко определены планы индустриализации и технологического развития экономики. Обозначены три важнейшие государственные программы — развитие образования, здравоохранения и языков. Главная цель реализуемых задач — укрепить благосостояние народа. Мухтар Бырыкулы также огласил основные моменты Послания, касающиеся вопросов образования, здравоохранения, улучшения качества уровня жизни казахстанцев, развития языков, новой стратегии занятости, модернизации ЖКХ и обеспечения качественной питьевой водой. Так же депутатом был оглашен главный итог первого года первой индустриальной пятилетки — начало серьезных структурных изменений в экономическом росте за счет реального сектора экономики.

Депутат также обратился к теме 20-летия независимости Казахстана. Девиз юбилейного года — «20 лет мира и созидания». За годы независимости, особо выделил слова Президента депутат, были сформированы наши ценности казахстанского пути — Свобода, Единство, Стабильность и Процветание. И ради дальнейшего развития этих принципов молодежи необходимо получать качественное образование, становиться высококвалифицированными специалистами, чьи имена смогут поддержать марку Казахстана как самой динамичной и развивающейся на высоком международном уровне страны.

Ирина ТЕПЛЯКОВА, Алина АҚБАЕВА,
студентки отделения журналистики
КарГУ им. Е. А. Букетова

Голосование как право и обязанность: полезные советы для начинающих избирателей

Третьего апреля 2011 года в Казахстане пройдут внеочередные выборы президента РК. Решение о судьбе страны будут принимать примерно 9 млн 100 тыс. граждан Казахстана, которые достигли 18-летнего возраста и получили право голоса.

Законодательством предусмотрено только два ограничения избирательного права: чтобы иметь право голосования, гражданин Казахстана не должен отбывать наказание в местах лишения свободы по решению суда, вступившего в законную силу, а также он не может принять участие в выборах, если по решению суда признан недееспособным. Других ограничений активного избирательного права законодательством не предусмотрено.

Отметим, что голосование в Казахстане является именно правом, которым гражданин может воспользоваться. В этом отношении наше законодательство более демократично, чем, например, у таких стран, как Бельгия и Австралия, где голосование является обязанностью, и за ее невыполнение без уважительной причины гражданин может быть подвергнут административной ответственности. Но с другой стороны, для ума и сознания человека голосование — это право, а для совести и сердца — обязанность. Поэтому молодым гражданам в особенности необходимо проявить гражданскую инициативу и принять участие в голосовании, ведь именно их голос может определить судьбу страны на ближайшие пять лет.

Чтобы создать гражданам возможность для реализации права голосовать, по мес-

ту их жительства соответствующий местный исполнительный орган на основании сведений, представляемых органами, осуществляющими учет населения, составляет список избирателей. С 18 марта 2011 года списки избирателей будут представлены на всех избирательных участках. Тем самым обеспечивается возможность ознакомления со списками избирателей, проверки правильности внесенных данных, обжалования при необходимости в соответствующей избирательной комиссии и суде не включения, неправильного включения в список или исключения из списка, а также допущенных в списке неточностей. Проверить себя в списке избирателей вы можете уже сейчас при помощи интерактивного сервиса на сайте Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан <http://election.kz> или с 18 марта прийти на свой избирательный участок и проверить себя в списке.

Если вы не находите себя в списках избирателей, то надо будет доказать документально факт вашей регистрации на территории, закрепленной за данным избирательным участком. После этого избирательная комиссия обязана будет внести вас в список избирателей.

До 1 апреля будет идти предвыборная кампания четырех зарегистрированных кандидатов на пост президента РК. 2 апреля агитация уже будет запрещена, и тогда граждане смогут принять ответственное решение о будущем страны.

Если в день выборов вы не сможете проголосовать на избирательном участке по месту регистрации, то с 18 марта можно взять на

своем участке открепительное удостоверение, которое действительно вместе с документом, удостоверяющим личность, и 3 апреля проголосовать по нему на месте вашего фактического нахождения.

3 апреля, в воскресенье, избирательные участки откроют свои двери в 7 часов утра и будут работать до 20.00. На избирательный участок вы должны прийти с документом, удостоверяющим личность (например, удостоверение личности, временное удостоверение личности, паспорт гражданина Республики Казахстан, военный билет для военнослужащих, проходящих воинскую службу по призыву), и тогда сможете принять участие в голосовании. По законодательству Республики Казахстан каждый избиратель голосует лично и тайно, поэтому нельзя взять удостоверение своих друзей или всех членов вашей семьи и проголосовать за них, сэкономив их время. Непосредственно голосование будет проходить в кабинке, где можете находиться только вы. Вы ставите знак в квадрате напротив фамилии вашего избранника ручкой, которая будет в кабинке, — и выбор сделан. После этого опускаете бюллетень в урну. Надо запомнить, что бюллетень, где будет проставлено более одной отметки или по нему невозможно будет определить волеизъявление избирателя, будет считаться недействительным.

Помните, что от вашего выбора зависит ваше будущее!

Сергей МИХАЛЕНЯ,

член комиссии избирательного участка № 77,
преподаватель кафедры социологии и политологии

Выбор за тобой!

Выборы — это древнейший способ выдвинуть лидера с помощью общественного мнения. Используется он и в наше время, так как наиболее эффективен и позволяет выбирать самых достойных. Право принимать участие в выборах имеют лица, достигшие совершеннолетия, то есть с 18 лет. Именно в студенческое время мы получаем право голосовать, именно в это время наша гражданская позиция может повлиять на судьбу нашей страны. И очень важно именно в этом возрасте осознать силу своего голоса.

11 марта во Дворце студентов Карагандинского госуниверситета имени академика Е. А. Букетова в связи с предстоящими внеочередными выборами главы государства прошла общеуниверситетская патриотическая акция «Твой выбор — твоё будущее». Целью данного мероприятия был патриотический призыв принять участие в выборах. Особенно интересно это мероприятие было для тех, кто пойдет на выборы впервые, ведь это такая гордость и честь для молодых людей — принять активное участие в формировании истории Казахстана.

Зал Дворца студентов был полон красок, в начале встречи звучали патриотические песни, лозунги, которые скандировали инициативные группы Альянса студентов Казахстана, Студенческого парламента КарГУ, студенческих стройотрядов и отрядов «Жасыл ел». В акции приняло участие большое количество студентов разных факультетов. С приветственными словами выступили ведущие, после чего зазвучал гимн. В зале воцарилась необыкновенно торжественная атмосфера. Именно такие моменты откладываются в памяти: множество людей, которых связывает одно общее дело, стояли плечом к плечу.

А на сцену поднялись три группы активистов. В составе первой группы были председатель Комитета по делам молодежи



КарГУ Артакшинова А. С. и лидер Альянса студентов КарГУ Нуржанова А., в составе второй — активист межнационального культурного центра Козлова Н. и представители интеллектуальных клубов, строительных и педагогических отрядов, в третьей — депутат Студенческого парламента Сейдалин Т. и стажер Школы государственной службы Смагулов Дидар. Слова каждого из выступающих были наполнены теплотой и любовью к Родине, убедительным призывом пойти на выборы и сделать шаг навстречу достойному будущему страны, ведь Казахстан — это наш общий дом.

Между выступлениями групп звучали песни, исполненные лауреатами городских, областных и государственных премий, ребятами с золотыми голосами — Саной Мукановой, Асетом Шабаяевым и Амандыком Сагымбаевым. Звучали известные песни — «Цвети, моя земля», «Мен қазақпын», которые подхватывали и зрители.

Это мероприятие стало хорошим поводом задуматься над своим будущим для тех, кому в этом году впервые предстоит принять участие в голосовании, оно поселило в сердцах студентов уверенность в том, что мы сами строим свое будущее и будущее государства. От активного участия каждого будет зависеть результаты голосования 3 апреля. Ведь наш выбор — наше будущее.

Ирина ТЕПЛЯКОВА, студентка группы РЖ-22

Как и где будут голосовать студенты КарГУ

В КарГУ им. Е. А. Букетова ведется активная подготовка к внеочередным выборам президента РК. В нашем университете созданы 6 участков для избирательных комиссий, которые оформлены в соответствии с требованиями Закона РК «О выборах». На всех участках подготовлены залы для голосования. Избирательные участки возглавили опытные преподаватели и сотрудники КарГУ им. Е. А. Букетова.

В нашем регионе сейчас проходит акция «Избиратель», в рамках которой уточняются списки избирателей, мобильные группы прямо на местах, обходя дома, регистрируют граждан, чтобы принять участие в голосовании мог каждый получивший избирательное право.

В нашем университете могут принять участие в голосовании 8930 человек, из них преподавателей — 2038, студентов — 6156, а магистрантов и докторантов — 316. В г. Караганде проголосует 8161 человек, а остальные будут голосовать по месту прописки в городах-спутниках.

Из голосующих студентов нашего университета 1155 человек проживают в общежитии, из них 1048 будут голосовать на избирательном участке № 177 (главный корпус КарГУ), а 407 человек (те, кто проживает в общежитиях № 5, 6) будут голосовать на участке № 79 (8-й учебный корпус КарГУ).

997 студентов КарГУ проживают в Караганде, но имеют прописку в других городах Республики Казахстан. Если они захотят воспользоваться своим избирательным правом на территории Караганды, то им будет необходимо написать заявление на имя акима Казыбекбийского района г. Караганды. После этого их зарегистрируют в одном из вышеуказанных избирательных участков, и они смогут голосовать в Караганде, не выезжая по месту прописки.

Уточнить все интересующие вас вопросы можно на избирательных участках.

Главная задача образовательного сообщества — обеспечение качества образования

Ежегодное Послание Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева, определяющее стратегию развития нашей страны на ближайшую перспективу, является событием, значимость которого для всех казахстанцев невозможно переоценить. Не стало исключением и Послание 2011 года «Построим будущее вместе!», в котором акцент сделан на развитии основных сфер жизни общества: ускоренной экономической модернизации и новой социальной политике в области здравоохранения, образования и науки, положения языков, модернизации жилищно-коммунального хозяйства.

Благодаря последовательной политике лидера нации Казахстан за двадцатилетие своей независимости достиг впечатляющих результатов, по темпам увеличения внутреннего валового продукта опередив все прочие страны. При этом, по словам Президента, главный итог форсированного индустриально-инновационного развития страны — «это начало серьезных структурных изменений в экономическом росте за счет реального сектора

экономики», что находит непосредственное выражение и в росте благосостояния всех казахстанцев.

Как подчеркнул Нурсултан Абишевич, «новая экономика требует специалистов новой генерации». Соответственно, изменения в сфере науки и образования призваны обеспечить инновационную составляющую экономического роста Казахстана. В этом направлении Президентом определен ряд основных мероприятий, направленных на обеспечение конкурентоспособности отечественной науки и образования в мировом масштабе. Особая роль отводится сфере высшего образования и науки, которая должна отвечать всем мировым требованиям. Казахские университеты должны перейти к инновационной модели высшего учебного заведения, ориентирующейся на запросы рынка. При этом настоятельной необходимостью для граждан нашей страны, в особенности для представителей молодого поколения, становится свободное владение государственным, русским и английским языками.

Не менее важно и то, что даже в условиях посткризисного развития государственная

политика предусматривает широкие социальные гарантии, направлена на повышение доходов работников бюджетной сферы, пенсионеров, студентов. Думаю, это находит живой отклик у всех казахстанцев, является дополнительным стимулом к новым профессиональным достижениям.

Как представитель высшей школы, считаю главной задачей научного и образовательного сообщества обеспечение качества образования и новых научных достижений в соответствии с приоритетами, выдвинутыми в Послании Президента. Мировое признание качества предоставляемого образования, развитие современной инфраструктуры организаций образования и науки, внедрение инновационных научных разработок в реальный сектор экономики, формирование казахстанского патриотизма и укрепление единства народа Казахстана — вот те задачи, к реализации которых мы должны сообща стремиться.

Айдар Муратович АЙТКУЛОВ,
кандидат биологических наук,
декан биолого-географического факультета
КАРГУ им. академика Е. А. Букетова

Основная задача индустриальных программ — улучшение качества жизни казахстанцев



Главная цель программ по индустриализации и технологическому перевооружению экономики — повысить благосостояние народа. Поэтому в своем Послании народу Казахстана 2011 года Президент РК Нурсултан Назарбаев уделит значительное внимание вопросам социальной модернизации. По его поручению правительством будут до 1 мая этого года разработаны и приняты новые принципиальные программы по вопросам новой стратегии занятости, модернизации ЖКХ и обеспечения населения качественной питьевой водой. Эти программы направлены на решение каждодневных проблем миллионов простых людей страны.

Социальные задачи для Казахстана

Значительные конкретные успехи уже достигнуты в результате первого года реализации Программы индустриально-инновационного развития. Президент РК Нурсултан Назарбаев считает, что 20 лет Казахстан не просто ставил перед собой амбициозные цели, но и успешно достигал их. «В 1994 году ВВП на душу населения составлял чуть больше 700 долларов. К 1 января 2011 года он вырос более чем в 12 раз и превысил 9 тысяч долларов. Мы рассчитывали достичь такого уровня только к 2015 году», — напомнил глава государства. Он подчеркнул, что «в

первые 20 лет независимости ни одна страна не достигала такого результата». Только за прошлый год, по данным Президента, в республике ввели в эксплуатацию 152 предприятия, обеспечили постоянной работой около 24 тысяч казахстанцев. При этом, по его оценке, к 2020 году страна должна достигнуть следующих показателей: рост ВВП — не менее 30%, рост в перерабатывающих отраслях будет превышать или достигнет уровня добывающих отраслей, активы Национального фонда составят не менее 30% ВВП, отечественные и иностранные инвестиции в несырьевые секторы экономики увеличатся не менее чем на 30%, доля малого и среднего бизнеса в ВВП составит 40%, численность населения приблизится к 18 миллионам человек, доля квалифицированных специалистов составит 40%, уровень безработицы снизится до 5%, производительность труда в сельском хозяйстве увеличится к 2014 году в два раза, к 2020 году — в четыре раза.

Развитие сельского хозяйства

В аграрном секторе будет реализован беспрецедентный проект по развитию мясного животноводства. Уже в 2016 году экспорт мяса составит 60 тысяч тонн, что равноценно экспорту 4 миллионов тонн зерна. Государство выделит на эти цели 130 миллиардов тенге (800 миллионов долларов) кредитных ресур-

В случае положительного результата экспертизы оргкомитет направляет авторам приглашение для очного участия в конференции по указанному авторами адресу электронной почты. Конференция предполагает публичные выступления участников по результатам собственной исследовательской деятельности в предметных секциях.

Программа конференции формируется к 15 апреля 2011 года.

Для доклада об основных положениях и результатах работы участникам отводится 7 минут, 5 минут — для ответов на вопросы. Доклад рекомендуется иллюстрировать графическим, табличным, фотографическим и другим демонстрационным материалом, подготовленным в программе Power Point.

Участникам конференции рекомендуется иметь при себе свой экземпляр текста исследовательской работы или доклада (представленные вместе с заявкой работы находятся в экспертных комиссиях и не возвращаются участникам).

Подведение итогов конференции

По окончании работы предметных секций проводятся заседания экспертных комиссий, на которых выносятся решения о победителях конференции. Апелляции по решению экспертных комиссий не принимаются. Все участники конференции, приглашенные для очного представления работы, получают сертификат участника конференции. Участники конференции, представившие лучшие работы, признаются победителями конференции и награждаются дипломами I, II, III степени. В случае утери диплома дубликат не выдается. Научные руководители победителей конференции награждаются дипломами оргкомитета конференции. Оргкомитет может принять решение о награждении участников специальными дипломами и грамотами за оригинальные, творческие работы.

Вниманию участников конференции!

Организационный комитет конференции проводит конкурс на лучшую эмблему конференции. Образцы эмблем представляются в электронном варианте в формате jpg, в разрешении 600 dpi.

Победитель конкурса будет награжден ценным призом, эмблема будет размещена на обложке программы и сборника материалов конференции, с указанием фамилии автора эмблемы.

Более подробную информацию о конференции и образцы заявки можно скачать на сайте www.ksu.kz.

Информация предоставлена биолого-географическим факультетом

Творческие олимпиады проводит КарГУ

Карагандинский государственный университет имени академика Е. А. Букетова, профессионально-художественный факультет на базе кафедры изобразительного искусства и дизайна в рамках мероприятий по проведению региональных, внутривузовских конференций, областных и городских олимпиад проводит ряд олимпиад по творческим направлениям.

1. Городская олимпиада среди учащихся школ и колледжей по предмету «Дизайн костюма».

Олимпиада проводится в КарГУ имени академика Е. А. Букетова **29 апреля 2011 г.** как конкурс. К ней допускаются команды, вовремя подавшие заявки в оргкомитет олимпиады. Языки проведения олимпиады — казахский, русский. К участию в олимпиаде приглашаются учащиеся 9-11 классов государственных и негосударственных школ и колледжей города Караганды. Для участия в олимпиаде необходимо направить команду из 1-2 человек. Наличие руководителя группы обязательно. Олимпиада проводится в два этапа.

1-й этап — домашнее задание — композиция костюма на тему «Современный этнический костюм». Выполнение в любой технике, размер формата — не менее А3. Работа представляется в оргкомитет по прибытии.

2-й этап — практическое задание — эскиз костюма в коллаже на тему «Бионический стиль». Материалы: акварель, гуашь, ткань, кожа и др. материалы. Формат — А2.

2. Областная олимпиада среди учащихся школ и колледжей по предмету «Изобразительное искусство».

Олимпиада проводится в КарГУ имени академика Е. А. Букетова **14 апреля 2011 г.** как конкурс. К ней допускаются команды, вовремя подавшие заявки в оргкомитет олимпиады. Языки

проведения олимпиады — казахский, русский. К участию в олимпиаде приглашаются учащиеся 12-17 лет государственных и негосударственных школ и колледжей города Караганды. Для участия в олимпиаде необходимо направить команду из 1-2 человек. Наличие руководителя группы обязательно. Олимпиада проводится в два этапа.

1-й этап — домашнее задание — композиция на тему «Пою мое Отечество — республику мою!». Выполнение в любой живописной технике, размер формата — не менее А3. Работа представляется в оргкомитет по прибытии.

2-й этап — практическое задание — «Декоративный натюрморт». Материалы: акварель, гуашь. Формат — А2.

По сумме баллов выявляются команды, занявшие 1-е, 2-е, 3-е места (независимо от языка участия в олимпиаде). Критерии оценки творческих работ: композиция; оригинальность; стиль; эстетика.

3. Областная олимпиада среди учащихся школ и колледжей по предмету «Черчение».

Олимпиада проводится в КарГУ имени академика Е. А. Букетова **12 апреля 2011 г.** как конкурс. К ней допускаются команды, вовремя подавшие заявки в оргкомитет олимпиады. Языки проведения олимпиады — казахский, русский. К участию в олимпиаде приглашаются учащиеся 12-17 лет государственных и негосударственных школ и колледжей города Караганды. Для участия в олимпиаде необходимо направить команду из 1-2 человек. Наличие руководителя группы обязательно. Олимпиада проводится в один этап.

1-й этап. Практический тур для школьников включает в себя выполнение практического задания по черчению: 1) перечертить заданные два вида модели и построить третий вид; 2) выполнить прямоугольную изометрию данной модели; 3) проставить размеры,

рассредоточив их на трех видах. 4) Заполнить основную надпись чертежа.

Практический тур для учащихся колледжа включает в себя выполнение практического задания по черчению. Стилизация геометрических построений и создание композиций, связанных с живой и неживой природой. Чертежи выполняются в формате А3.

По сумме баллов выявляются команды, занявшие 1-е, 2-е, 3-е места (независимо от языка участия в олимпиаде). Победителям будут вручаться дипломы. Критерии оценки графических работ: верность стандартам ЕСКД; пространственное воображение; чистота графики.

4. Областная олимпиада среди учащихся школ, лицеев, художественных школ и колледжей по декоративно-прикладному искусству.

Олимпиада проводится в КарГУ имени академика Е. А. Букетова **30 марта 2011 г.** как конкурс. К ней допускаются команды, вовремя подавшие заявки в оргкомитет олимпиады. Языки проведения олимпиады — казахский, русский. К участию в олимпиаде приглашаются команды государственных и негосударственных школ и колледжей города Караганды. Для участия в олимпиаде необходимо направить команду из 1-2 человек. Наличие руководителя группы обязательно.

Контакты:

Программы олимпиад и требования размещены на сайте КарГУ www.ksu.kz. За справками обращаться по эл. адресу: kafedraizoksu@mail.ru. Заявки на участие в олимпиаде, заверенные первым руководителем школы, принимаются по адресу: 100028, г. Караганда, ул. Карбышева, 7, профессионально-художественный факультет, кафедра ИЗО и дизайна (11-й корпус). Факс 8(7212) 77-03-84. Телефон 8(7212) 77-03-53 (деканат соединяет с кафедрой ИЗО и дизайна).

Өзінді сағындық қой

Адам дегеніміз кешегісін сағынатын, ертеңгісін армандайтын, ал бүгінгісіне көңілі толмайтын пенде.

Мартбек ТОҚМЫРЗА

Мен бұл кісіні ағам деп кеттім. Ағам бүйрегінен қатты қиналды.

Студент кезімде ақшадан қысылып қаңғырып қалғанымда мені бауырына алып, жарым, балам сол үйде тұрды. Өзі ауырып жағдайының мүшкілдігіне қарамастан бізді қатты уайымдайтын. Бірақ онысын бізге сездіртпейтін.

Есіл ағам-ай менің... Сені сағынып жүрмін. Емделуге көп қаражат қажет еді. Көп емес-ау. Айналаң мініп жүрген жаман темір көліктің құны ғана. Бірақ дәл ол кезде саған ешкім көмектеспеді. Көмектескісі де келген жоқ. Саған жаны ашыған шәкірттерің ғана... Сосын аяулы апам Мейрамхан еді. Ауырып ес жия алмай жатқан кезінде көзіндегі жасын сығып алып: Мартбек-ау, сен керексің ғой қазаққа. Сен кетсең мен не болам? Шәкірттерің не болады? Мартбек? Мені өйтіп қинамашы, досым. Емделуіңе қажет ақша бере алмаймын. Әй құрығыр дүние-ай!!! Мартбекжан, сен келіссең... сен келіссең менің бір бүйрегімді алшы. Саған жаным садаға. Сыңар бүйрекпен жүріп-ақ күнімді көрермін. Келісің. Дәрігерге барайық. Саған менің бүйрегімді салсын дегені әлі есімде. Білесің бе аға. Сол сөзді естігенде еркек басыммен тірі жүргеніме алғаш өкіндім... Мен... Мен саған ондай жақсылықты да қимадым ғой. Қимадым. Жастықтан басыңды әнтек көтеріп, «Жоқ Мейрамхан, мені өйтіп қинамашы. Айналып кетейін жаным, өзің аман жүрші» деп қысқа ғана жауап қайырған едің.

Аға! Астанаға жұмысқа тұрғанымда қуанғаның әлі есімде. Бір екі айлап Қарағандыға келмей жүргенімде, звондап «Ей, Сболыш, қайда жүрсің! Өзінді сағындық қой» дейтінсің. Сен көшіп кеттің... Сен кеткен соң бәрі лезде-ақ өзгерді. Артыңда ерке патшаң қалды. Ұлдарын құшақтап Меруерт жеңгем қалды. Қаралы күні, үйіңе тірі кезінде көмек түгілі есіңді қағуға жарамай жоламаған досың да, дұшпаның да келді. «Көңіл айтты.» «Қайғырған болды» «Кейбіреулері жылады» Сосын бата беріп «міндетінен құтылды»... Міне, жігіттер, мен ағамнан, ел Мартбегінен осылай айрылды. Жаның бейіште шалқысын, аға!

Е. КЕҢЕСБЕК



(Жалғасы. Басы өткен санда)

Публицист Е. Бөкетов шығармаларының ішінде «Шоқанның әулие ісі» (Святое дело Чокана) атты эссесінің алар орны ерекше. Этнограф-жазушы, әдебиет зерттеушісі Ақселеу Сейдімбековтің 1981 жылдың 22 мартында Бөкетовке осы эссе жайында жазған пікір хатында мынадай тамаша ойлар айтылған: «Шоқан туралы публицистикалық очеркіңізді бүгін оқып бітіп, еңді алған әсерімді жеткізуді ниет етіп отырмын. Қолжазбаның соңғы бетін жапқанда, сөз жоқ, сәтімен біткен дүние деген пікір көкейде тұрады.

Рас, қазір бізде Шоқантану ғылымы қалыптасты. Шоқанның алуан тақырыпты ғылыми еңбектерін былай қойғанда, сол еңбектердің әр сөйлемінен қиқулап көтерілетін көреген ойлар бар ғой. Сол ойларды табу, тану, кәдеге жарату, сонсоң ұлы ғалымның тарихи зердесіне табынып отыру бүгінгі, болашақ ұрпақтардың асыл мұраттарының бірі. Міне, осы тұрғыдан келгенде Сіз айтқан ойларды, Сіз аңғарған тарихи шындықтарды мойындауға тура келеді».

Әрине, Е. Бөкетовке дейін Шоқан туралы да, Қаныш туралы да көп зерттеліп, көп жазылған. Бірақ Е. Бөкетов пайымы, Е. Бөкетов көзқарасындағы Шоқан мен Қаныш образы сөз жоқ болмысы бөлек дүние. Мұның құпиясын тағы да сол Е. Бөкетовтың ғалымдығынан, ғылымды терең түсінген оқымыстылығынан іздейміз. Өйткені ғалым адамға ғана тән кейбір ішкі түйсіктердің ашылуы осыған дәлел. Мысалы, «Дуровтың Шоқан туралы айтатын ойлары» немесе бала Абай мен бала Қаныштың бір-біріне ұқсас танымдарын келтіретін тұстары.

«Бар үміт кіші ұлда, Қанышжанда. Сегіз жастағы бала дейтін емес, қимылы байыпты, мінезі байсалды. Жұрттың айтысы: «Абай да бала кезінде осындай бауу, тіпті болбыр болған» деседі. Қаныш бойынан Абайға тән қасиет іздеу, Е. Бөкетов ойының тым әріде, әлі ешкім аша қоймаған тың пайымдауларда жатқандығын қуаттайды.

«Шоқан да, Қаныш ағамыз да әдебиеттің жанашыр досы, зерттеушісі, өнердің кам-

Е. А. Бөкетов публицистикасындағы оқу-ағарту мәселесі

қоршысы болған. Мен осы ұлағат иелерін ардақ тұтумен бірге, оларда бар қасиеттерді бойыма сіңіруге құштар болдым». Е. Бөкетовтің осы сөздері бұл кісілер туралы жазған еңбектерінде айрықша сезіліп, ұстазға деген рухани сүйіспеншілігінің табы әрдайым білініп тұрады. Шын пейілмен құрметтеуден — шынайы сезім туатындығы да сондықтан.

Шоқан мен Қаныш туралы жазған Е. Бөкетов шығармалары екі түрлі қоғамның уақыт кеңістігіндегі шындықты шынайы, көркем тілде баяндайтын проблемалық публицистикаға жатады.

«Документальность является важнейшей особенностью публицистики, «. Фундамент из точных и бесспорных фактов.» составляет ее основу». Теоретиктер айтқан бұл тұжырым Е. Бөкетовтің Шоқан мен Қаныш жайлы жазған шығармаларына тән құбылыс. Өмірде болған барлық жағдайды негізге ала отырып, көркем тілмен шығарма желісін шұрайлы құрған. Құр фактіден ұлы тұлға болмысы толық ашылмасы белгілі. Бұл жерде шебер тіл, келісті ойдың, көркем сөздің алатын орны ерекше. Біз зерделеген «Жас Қаныш», «Святое дело Чокана» туындылары осы үрдістен шыққан өз кезеңінің ең озық ойлы публицистикалық шығармалар қатарынан табылуы заңды құбылыс.

1977 жылы «Жазушы» баспасынан «Творчество кырлары» (Грани Творчество) атты деректі очерктер кітабы жарыққа шықты. Жазушы Алексей Брагиннің айтуы бойынша бұл кітапта Қазақстан ғылымы мен мәдениеті қайраткерлерінің (Қ. И. Сәтбаевтың, М. О. Әуезовтің, И.Қ. Қарақұловтың, М. И. Усановичтің, Ә. Б. Бектұровтың, Ж. Шаниннің, Ш. Аймановтың және т. б.) әдеби бейнелері шеберлікпен, өте терең білімдарлықпен және сүйіспеншілікпен жазылған.

Е. А. Бөкетовтің Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы әр кездерде жазған жазбалары «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрген. Мәселен, «Аққан жұлдыздан құс жолына дейін» (3 сәуір, 1969 жыл.), «Таң шолпандай жарқырап» (NN266-278, 12—15 қараша, 1972 жыл), «Тұңғыш қазақ академикі» (12 сәуір, 1979 жыл) және «Академик туралы әңгіме» («Простор» журналы, № 2, 1978 жыл) публицистикалық әңгімелерін жазды.

Евней Арыстанұлының шығармашылық жолындағы сүйікті тақырыбының бірі Шоқан Уәлиханов еді. «Белгісіздікке жол. Жазушылар ғылым туралы ой толғауда» (Мәскеу, «Советский писатель» баспасы, 1985 жыл) жинағының 18 санында Е. Бөкетовтің «Шоқанның қасиетті ісі» атты эссесі жарық көрді. Е. А. Бөкетовтің осы беделді одақтың баспа орнының редакция алқасының мүшесі болғанын айта кеткен жөн. Ш. Ш. Уәлихановтың

туғанына 150 жыл толуына арналған Е. Бөкетовтің «Шоқанның асыл мұраты, қасиетті ісі» атты публицистикалық әңгімесі «Простор» журналында (№ № 11-12, 1986 ж.) жарық көрді. Мұнда қазақ және орыс халықтарының екі перзенті — Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевскийдің достығы арқылы қазіргі кезде ғылыми зерттеулердің, психологиялық болжамдардың және көркем шығарманың тақырыбы болып отырған осы екі халықтың тарихындағы бауырластықтың жарқын беттерін көрсетеді. Евней Арыстанұлы Шоқанның ғалым ретіндегі бейнесін былай суреттейді: «Шоқан Уәлиханов шындықты белгілі бір тар көлемді шеңбер деңгейінде анықтауға талпынатын кеңес ғалымдары қатарына жатпайтын, оны өмір өзінің барлық көрінісімен қызықтыратын, бұл қызығушылықтың деңгейі оның зерттеушілік қабілетімен, үндестік алгебрасымен салыстыра алатын сирек шеберлігімен анықталатын да оның жүрек тулататын қайырымдылығы, ойлануының таңғажайып орамдылығы жанының ақындығымен, шеберлігімен, бейнелеп, көре білуімен, нені болса да дәл және жалынды сезіне білуімен ұштасып жататын» (Е. А. Бөкетов. Библиографиялық көрсеткіш. Қарағанды, 1992 ж. 11-35 б.).

«Мәдениет және тұрмыс» журналында жарияланған «Ұлы мұрат мұрагері» мақаласында: «Туа бітті дарыны мен рухани кемел-қуаты жөнінен, кіршіксіз пәктігі мен өмірдегі жоғары мақсат-мұратты ұстанғаны тұрғысынан Шоқан сол кезеңдегі өмір шындығы аяусыз қыспаққа алып, ең қатал тіршілік тауқыметіне тұсаулағандардың алғы қатарынан орын еншілейтінді. Сондықтан Шоқан Уәлихановтың отыз жасқа толмай, 1865 жылы дүниемен қош айтысуы таңданарлық жайт емес», — деп жазады Е. Бөкетов. «Ол өзін туған қазақ жұртының өткендігі, өз тұсындағы, бір сөзбен айтқанда, халықтың экономикасы, тұрмысы, наным-сенімі, салт-дәстүріне қатыстылардың барлығының кереметтей жүйрік білімпазы тұрғысында танытты. Шоқанның барлық еңбектері ұлы қолтаңбамен мөрленген».

Шоқан туралы Е. Бөкетов көзқарасы осындай пайымды көрсетеді. Яғни, Шоқан жайлы жазған шығарма да осы пайым-түсінік арқауында өрбіп, үрдіс алады. Жалпы Е. Бөкетов өз бойындағы туған халқына деген құрмет, ғылым-білімге деген құмарлық, адамгершілік ізгі қасиеттердің барлығын Шоқан тұлғасынан тануға ұмтылған. Ол ниеті әрине өте сәтті шыққан. Е. Бөкетов қаламынан туған Шоқан бейнесі Шоқантану ғылымына жарқын, тың беттер қосқаны ақиқат.

Қ. Д. АСАНОВ,
ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ

«Ананың сүйген жері – отқа күймейді, оқ та тимейді»

Ана – бақыт, ана-жыр, ана дарын, Бәрінен де биік ол даналардың, Шырақ етіп сөнбейтін, шырқай берем, Құдіретін мәңгілік аналардың

Өмірге шуақты мейірімін төгіп, әсерлі әлдімінен аймалап, жүрек жылуымен жақсылыққа баулып, жүрегі мейірім мен махаббаттан жаралған АНА құдіретіне адамзаттың бас игені қашан... Тылсым табиғаттың құдіретінен болар, апыл-тапыл қаз басқан періште пейіл сәбидің аузына алғашында АНА атауының түсуі де бекер емес.

Әр заманның заңғарлары, данышпандары мен батырларын, көсемдері мен ақындарын

барлығын да дүниеге әкелген, адамзат тұлғалары еткен ақ жаулықты аналар екенін жантәнімізбен ұғына тұрып, бұл сұлу да сымбатты, кіршіксіз пәк бейнелерде неткен құдірет сиқырлардың жатқандығына таң қалмасыңа амалың жоқ. Мына дүние әйел-ананың жүрек сұлулығынан жаралған деген рас шығар. Оған ақиық ақын Мұқағалидың: «Арулар — аяулылар, ардақтылар, Өмірдің жылы боп қалмақ бұлар. Арулар — тіршілікке күре тамыр, Өмірді бір-бірімен жалғап тұрар» деген сөздері дәлел бола алады.

Замана ағымында көпшілігіміздің ерекше бір толғаныспен, тәтті қиялдай тебіреніспен, саналы сағынышпен асыға күтер мерейлі мерекеміздің бірі — 8 наурыз мейрамы екеніне шүбә жоқ. Көктемнің жарқын мерекесіне орай ҚарМУ-да айтарлықтай концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Аталмыш концер-

тте қырдың гүліндей жайқалған, мың бұралған бишілердің биі де, күміс көмей әншілер салған әсем әндері де нәзік жандарға арналды. Сері жігіттер әйел-қыздарды мерекесімен құттықтап, ыстық лебіздерін білдірді.

Тіршілік тауқыметін көрсе де жүзінен мейірім шуағы төгілген ана-әжелерімізді аялайық, отбасының ажары адал жарымызды сыйлап, құрметтей білейік, қанатымен су себер қарлығаштай қарындас-қандастарымызды асылдай ардақтап, балғын мінез бағлан қыздарымызды мақтан тұта білейікші, ағайын!

Әрқашан мына өмірге сән беріп, жылу таратып, мейірім төгіп, шуақ шашып жүретін шаңырағымыздың нұры, отбасымыздың гүлі, әрбір үйдің жұлдызы — ардақты аналарымыз аман болсын!

НҰРЗАТ АНТАЕВА

Победа студентов – оценка вузу



Развитие языков — одно из актуальных направлений государственной политики Казахстана. Наряду с приоритетностью развития государственного языка современная языковая политика направлена на практическое владение иностранными языками, а социальный контекст создает для этого благоприятные условия. Овладение как родным, так и иностранными языками сегодня является средством познания мира, приобщения к культуре других народов, осознания своей собственной культуры и идентичности.

Вследствие глобальных изменений в обществе изменилась и роль языков в системе образования. В соответствии с Государственной программой развития образования Республики Казахстан иностранный язык становится базовым элементом современной системы образования, средством профессиональной реализации личности. Высшая школа как одно из звеньев системы образования играет важную роль в подготовке компетентных специалистов иностранных языков. От професси-

онализма преподавателя иностранного языка и качества его подготовки в вузе во многом зависит формирование иноязычной компетенции обучающихся.

Объективной оценкой качества иноязычного образования являются результаты республиканских олимпиад по иностранным языкам. Проведение ежегодных языковых олимпиад способствует не только выявлению интеллектуально одаренных и талантливых студентов, но и расширению сотрудничества и взаимодействия между студентами и преподавателями вузов Республики Казахстан.

Инициатива возрождения языковой олимпиады, этой замечательной традиции советского времени, принадлежит на постсоветском пространстве Карагандинскому государственному университету имени академика Е. А. Букетова, где три года подряд начиная с 2006 года проводилась Республиканская олимпиада по иностранным языкам с участием более 30 казахстанских вузов.

В этом году эстафету проведения олимпиады принял Казахский университет международных отношений и мировых языков имени

Абылай-хана. В олимпиаде участвовали студенты языковых специальностей из 38 вузов Казахстана.

Защитить честь нашего университета поучаствовало восьмерым студентам факультета иностранных языков, показавшим высокий уровень языковой подготовки по результатам факультетской олимпиады.

Во время олимпиады студенты прошли тестирование на знание лексики и грамматики иностранного языка, на выявление страноведческой и филологической компетентности, продемонстрировали умение решать прагмапрофессиональные задачи. Конкурс завершился презентацией проектных работ на темы «Культура в зеркале языка: этнолингвокультурологический подход», «XXI век — век технологий».

В копилке команды КарГУ 4 призовых места и 7 грамот в различных номинациях: Мария Роут — второе место (специальность «немецкий язык: два иностранных языка»), Оксана Гилязитдинова — второе место (специальность «филология: немецкая филология»), Регсана Керимова — второе место (специальность «филология: английская филология»), Алина Малахова — третье место (специальность «французский язык: два иностранных языка»). Наши студенты также были отмечены грамотами, среди них Дина Досмахова, Мария Роут — «Лучший научный проект», Мария Роут, Регсана Керимова — «Лучшее владение речью», Мадина Аскарлова, Алина Малахова, Сергей Пуятин — «Творческое решение прагмапрофессиональных задач».

В очередной раз студенты факультета иностранных языков КарГУ имени Е. А. Букетова продемонстрировали высокий уровень владения иностранными языками в республиканском масштабе, заняв второе общекомандное место, и подтвердили достойное качество предоставляемых факультетом образовательных услуг.

Г. К. ТЛЕУЖАНОВА,

зав. кафедрой теории и практики
немецкого и французского языков

Е. Н. ЦАЙ,

зав. кафедрой теории английского языка

Секреты профессионального успеха от профессора из Америки

Расширяются академические связи КарГУ им. Е. А. Букетова с преподавателями из зарубежных вузов. В марте с серией лекций, тренингов и семинаров наш университет посетил Дэвид Моуд, профессор медиаискусств и исследований Университета Огайо (США).

В прошлом журналист газет и телевидения, доктор Моуд обладает 30-летним опытом работы в качестве университетского преподавателя, директора учебных программ и академического администратора, а также 15-летним опытом работы в области международного тренинга и консультирования представителей СМИ. Он работал продюсером документальных фильмов, продюсером на радио, а также свободным журналистом. В его творческом багаже есть и совершенно необычные проекты. Например, в 2003 году студентам университета Питсбурга по программе «Семестр в море» он преподавал курсы по коммуникации и развитию, пропаганде, медиа и поп-культуре, а также администрировал экскурсии студентов в ходе кругосветного плавания.

Занимаясь вот уже много лет вопросами журналистского образования, Дэвид Моуд является одним из авторов Модели учебных программ ЮНЕСКО по журналистике и введению этих учебных программ в университеты Центральной Азии, которое осуществляется при финансировании Кластерного бюро

ЮНЕСКО по Казахстану, Кыргызстану, Таджикистану и Узбекистану. В Караганде как пример одной из таких программ американский профессор представил в виде тренинга курс по экологической журналистике.

Занимается журналист и ученый и исследованиями современных тенденций развития в масс-медиа. Для студентов первого и второго курса он провел мастер-класс по вызовам традиционной журналистике от социальных сетей, твиттера и блогов. Студентам было полезно узнать, пригодится ли их профессия в будущем, ведь современные коммуникации предполагают, что журналистом в будущем может стать каждый; более того, навыки сбора и обработки информации будут прививать со школьной скамьи.

Что нового ждет общество в информационной среде, как будут влиять средства коммуникации на политические технологии, выживут ли традиционные СМИ (газеты, радио, телевидение) в конкуренции с электронными и цифровыми медиа — на эти и многие другие вопросы старшекурсников специальностей «журналистика», «политология» и «социология» отвечал Дэвид Моуд во время мастер-класса и обзорной лекции, посвященных формированию нового информационного пространства в мире. «Сегодня я работаю над проектом создания блогерской системы в Казахстане на казахском языке. Очень важно сохранять в вашей стране национальную аутентичность и создавать собственную информа-

ционную среду, участником которой могут стать все казахстанцы», — заметил профессор из Огайо. Он также отметил, что развитие казахского языка очень важно для нашего государства: «Это здорово, если казахский язык станет языком коммуникации», — отметил он, выступая перед преподавателями и студентами КарГУ.

Заключительной сессией в работе Дэвида Моуды стал семинар для преподавателей филологического факультета «Преподавание предметов специальности «журналистика» в условиях кредитной технологии». В своем выступлении профессор американского университета рассказал о том, что в США эта система очень сильно отличается от того, что он видит в Казахстане: «У американских студентов очень большой выбор предметов по самым разным направлениям: будущие журналисты изучают и политологию, и историю, и биологию, и даже высшую математику, если видят в этом для себя необходимость. Но казахстанские вузы пока только начали внедрять кредитный механизм, поэтому многие предметы «спускаются сверху».

Дэвиду Моуду понравились карагандинские студенты: «Они активны и любознательны, чувствуется их стремление к получению дополнительных знаний. И сам университет предоставляет им эту возможность».

Татьяна ГОЛУБЦОВА

Анонс

Конференция для студентов: как правильно изучать иностранный язык?

Согласно Государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы и в рамках мероприятий, утвержденных МОН РК на 2011 г., в целях привлечения студентов к научно-исследовательской деятельности, расширения научного кругозора, привития исследовательских навыков и стремления к творческому использованию знаний в процессе будущей профессиональной деятельности и повышения качества подготовки научных кадров факультет иностранных языков Карагандинского государственного университета им. Е. А. Букетова проводит 28-29 апреля 2011 года Республиканскую студенческую научно-практическую конференцию по проблемам теории и практики изучения языков.

Работа конференции планируется по следующим направлениям:

1. Теоретические и прикладные аспекты исследования языков.
2. Современные технологии и актуальные проблемы лингводидактики.
3. Проблемы языковой политики в условиях глобализации.

Цель конференции: подведение итогов научно-исследовательской работы студентов в рамках обозначенных проблем.

Задачи конференции:

- выявление лучших студенческих научных работ;
- популяризация и пропаганда научно-исследовательской работы студентов;
- укрепление научного и педагогического сотрудничества среди студентов, научных руководителей, деятелей науки и образования;
- умение формировать собственные выводы и заключения, излагать их письменно и в форме публичных выступлений;
- повышение информированности участников конференции о новейших достижениях науки в области знаний по теории и практики изучения языков.

Критерии оценки научных докладов студентов:

- актуальность и новизна;
- практическая значимость;
- содержание и общий объем выполненной работы: теоретическая и экспериментальная части;
- манера изложения доклада;
- ответы на вопросы;
- качество наглядного материала;
- объем и качество анализа литературы;
- оформление научной работы.

Призеры будут награждены дипломами и грамотами.

За справками обращаться на факультет иностранных языков КарГУ: ул. Муканова, 1, корпус № 9, каб. 301, тел. 77-04-13.

Студенческое творчество

Древний праздник
Наурыз

Наурыз — один из самых древних праздников на земле. Он отмечается уже более пяти тысяч лет как праздник весны и обновления природы. Интересно то, что по древнему летоисчислению этот день обычно совпадал с 22 марта — днем весеннего равноденствия. Поэтому месяц март и называется Наурыз. Считается, что в этот день в природе происходят обновления, набухают почки, прорастают первые побеги, гремит первый весенний гром, даже солнце светит и греет как-то по-особенному. У казахов детей, которые рождались в этот день, было принято называть, если это мальчик, Наурызбай или Наурызбек, а если девочка — Наурыз или Наурызгуль.

Если же в этот день выпадает снег, это считается добрым знаком. Снег, который выпадет в марте, очень мягкий и нежный, поэтому в казахских легендах и сказаниях нередко красоту девушки сравнивают с красотой мартовского снега.

Раньше традиционно встреча этого праздника начиналась со встречей рассвета, все от мала до велика шли к роднику и расчищали его. Затем сажали молодые деревца и при этом произносили такую пословицу: «Срубил одно дерево — посади взамен десять».

После обрядов трое людей в ярких праздничных костюмах созывали народ, а затем они все вместе танцевали и пели народные песни; веселье и радость царили в это время. Также проводились различные конкурсы и игры. В домах накрывались богатые столы, считалось — как встретишь Новый год, так и проведешь его.

На закате пели два акына. Разжигался костер и люди с факелами шли по селению и пели песни, тем самым провожая уходящий день.

В наше время все происходит немного иначе, но не менее интересно, чем в давние времена. На площади выставляются праздничные юрты, в которые может зайти любой желающий и отвежать казахских национальных блюд. Все это сопровождается торжественным концертом, выступают известные исполнители и танцевальные коллективы. Проводятся увлекательные игры и конкурсы. Еще принято выходить на субботники, чтобы привести город в порядок и посадить деревья. Наурыз — всеми любимый и ожидаемый праздник. И мы, студенты, в эти дни с удовольствием встречаем Новый год по восточному календарю и радуемся не только первым теплым солнечным дням, но и тому особому запаху свежести и обновления, который присущ не только природе, но и всей нашей жизни.

Ирина ТЕПЛЯКОВА,
студентка группы РЖ-22

Наурыз – Жыл басы

Наурыз — Қазан төңкерісіне дейін қолданылып келген қазақ күнтізбесіндегі азаматтық жылдың бірінші айы. Бұл атау бізге ежелгі парсы тілінен келген. Алайда ол парсыша ай аты емес, айдың бірінші күні ғана. Байырғы қазақ күнтізбесі бойынша, наурыз күні күн мен түн теңеседі. Бұл — жазғытұрғы теңесу. Осы кезде басталатын ай, Григорян күнтізбесі бойынша 22 наурыз бен 20 сәуір аралығы Наурыз айы деп аталған.

Байырғы қазақ күнтізбесі бойынша, наурызда отыз күн болған. Оның алғашқы күнін Жаңа жылдың басы деп біліп, Ұлыстың Ұлы күні деп атаған. Ол күні жер бусанып, жаңарып, қозы-лақ жамырасып, мал төлдейді. Жер-Ананың төсі иіп, ақ мол болады, кәрі-жас құшақтасып көрісіп, бір-біріне ақ

Сүйінші! Үкілеп өсірген қызыңыз ғашық. Сүйіктісіне ессіз асық. «Ұлың өссе — мұратың, қызың өссе — жұратың» демекші, қазағымыз қызын да ұлынан кем көрмей, ұядан ұлан-асыр той жасап аттандырған. Ал, сіз болсаңыз жөн-жоралғыдан бейхабарсыз. Мұндайда не істеу керек еді?! Ең негізгі-негізгі мезеттерін буып-түйіп ұсынғанды жөн көрдік...

Жо-жоқ... Бұл бір салтанатты жиын ғана емес. Бұл күн де күйеу жігіт жағының жасайтын тойынан кем түспеуі тиіс. Себебі айдан анық. Бұрынрақ күн сайын, әр себепті сылтау қылып той жасаған халқымыз бір уақыттары тоқырап, енді қазір қайта ес жиып, жылдан-жылға салт-дәстүрді жаңғыртып келе жатыр емес пе?..

Көне уақыттан бояуын жоғалтпаған, ұлттық құндылықтарымызға айналған дәстүрлеріміз баршылық. Ең сән-салтанаттысы, әрине, «той». Ең әсерлі де көркем, барлық «той» атаулылардың бастауы — «қыз ұзату» емес пе. Қазақ қазақ болғалы қыздарын ерекше сыйлап, ізетпен өсірген. Еркелетіп, алақанына салып, жан-жақты көңілін тауып, назардан тыс қалдырмаған, тіпті, үйдегі ең құрметті орынға отырғызған. Себебі, қызды әуелден-ақ жатжұрттық деп бағалаған. Күндердің бір күнінде басқа үй, басқа отбасының қызына, жас шаңырақтың ұйытқысына айналарын ескерген... Сондықтан, құдалықтан кейін де қыздарын думандатып ұзатқан. Қыздың ата-анасы сыйлықтарға сараңдық танытпай, бай дастархан жайған.

Құдалар төс қағыстырып, «құдалық» үрдісі біткен соң, екі жақты келісіммен қызды «ұзату күні» тағайындалады. Қазіргі кезде құдалықтан кейін бірден сырға салып, кешқұрым мейрамханада ұзатып жіберіп, тойды жылдам ғана бітіре салады. Бірақ, бұл жайлы кейінірек. Қазір естеріңізге салтымызды түсірмекпіз...

«Қыз ұзатудағы» қалыптасқан дәстүр, ол — танысу. Тойда құдалар өзара қуаныштары мен мұңдарын айтысып бөліседі. Инабатты, ақылды, әрі іске икемді, нағыз ошақ ұйытқысы болуға лайық қызды тәрбиелеп өсіргендеріне қуанса, көз қуанышына айналған қыздары еркелігін қойып, бойжетіп, жат жұртқа сіңетіні, әлбетте,

Дастархан

Қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімінің бір өзгешелігі — дастархан жайып, кімді болса да адал көңілмен қарсы алатын кең пейілдігінде, меймандостығында. Қазақ үйіне келген адамға дастархан жайып, қонақжайлылық ниет білдірмеген адамды «қазанын қара суға малып отырғандай» деп кемсітетін болған. Сондықтан да қазақ халқы танысын, танымасын үйіне бас сұққан адамға «Қырықтың бірі — Қыдыр» деп қарап, дастархан жайып, батырын оның алдына қойған.

Қазақ — намысшыл халық. Қонақтан тамақ үшін ақы алу деген оның әдетінде мүлдем жоқ. Бұл көргенсіздік саналып, ырымға жаман деп есептелген. Расында да қазақ «дастарханы қурап тұр» дегізбеу үшін, өзінің ең дәмді асын қонағына сақтап отырады да, реті келгенде, оны дастарханға қояды.

ниетпен ақ тілеуін, арман, пейілін білдіріп, наурыз жырын айтатын болған. Жеті түрлі тағам қосып «Наурыз көже» жасаған. Ән шырқап, балуан күрестірген. Топ-топ болып ауылдан-ауылға қыдырып, наурыз көже ішкен. Кездесіп қалғанда, бір-біріне «Аманбысыз, армысыз. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын, ұлыс береке берсін, бәле-жала жерге енсін!» деп, өзара реніштерін ұмытып, кешіретін болған.

Аузынан Алласы түспеген қазақ халқының Наурыз күні бір-бірін кешіруінде үлкен мән бар. Өйткені Құдайдың қасиетті өсиетінде былай делінген: «Егер өздеріңе күнә жасағандарды кешірсендер, онда көктегі Әкелерің сендерді де кешіреді. Ал егер басқалардың күнәларын кешірмесеңдер, онда көктегі Әкелерің сендердің де күнәларыңды кешірмейді».



қимастық сезімін тудырып, еріксіз мұңайтады... Иә, әр қыздың маңдайына жазылған заңдылыққа қайткен күнде көнуге тура келеді. Бақыт тілеп қалып бара жатқан жақындарының жүзінен осы сезімдердің барлығын көріп, толғанысқа енетін қалыңдықтың да көңілі босап, нағыз драмаға айналып жатады... «Қызды қырық үйден тыйып» отырғандықтан болар, бойжеткен ағайын-туыстарын жете тани бермеуі мүмкін. Қыз ұзатылар алдында шыққан жері мен жақындарының кім екенін біліп қайтуы мақсатында, жеңгесімен бірге, болмаса қасына құрбы-құрдас, сіңлілерін ертіп жүріп, ағайындарын бір аралап шығады. Солайша, жанашырлары көбейеді-міс.

Қалыңдықтың «Ақ жолы»
Қыз ұзатуға шақырылған қонақтармен қоса жігіттер де жарты шеңберге тұрады. Сол уақытта қалыңдық тұрмыс құрмаған құрбыларымен бірге үйге кіреді. Жиналған қауыммен қоштасу мақсатында, барлығын жағалай айналып жүрген қалыңдыққа серігі қосылады. Ең үлкен құрметке бөленген әулеттің Анасы қолын отқа жылытып, күйеу жігіттің бетінен ұстайды. Бұл қалыңдық ошағының қаншалықты ыстық екенін білдіреді. Әулеттің ақылгөйі, дана ақсақал бата берген

Қазақтың ұзақ сақталып, тек қонақ келгенде ғана дастарханға салатын сыйлы асы — сүрленген ет, қазы, шұжық, жент, құрт, қарынға салынып сақталған сары май, тәтті, тары, қант, шай, өрік-мейіз т. б. «Қонақ асы — қазақтың бөлінбеген еншісі» деген сөз бұрынғыдан қалған. Ерулік, қымызмұрындық, сірге мөлдіретер, соғым басы, көңіл шайы, келін шайы т. с. с. бас қосулардың мақсаты, тілек мүдделері қазақтың меймандостық ниетінен туындаған.

Қазақ — қонақжай халық, көңіл табуға шебер, дос жинауға құмар. Қазақта келген қонақты «құдайы қонақ», «сый қонақ», «арнайы қонақ» деп түрліше атаған. Бұлардың қайсысына болмасын, қазақ, ең алдымен, мал сойып, қан шығарған. Дастарханның қадірлі асы жаңа сойылған малдың бас-сирағы деп есептелген. Өте қадірлі адамға қазақтар тай да сойған.

Сойылатын малды алдымен босағаға әкеліп, қонақтан бата сұраған. Сонан соң ғана ол сойылып, еті қазанға салынған. Етті мол етіп асу, қа-

Наурыз — жаңару дедік. Онда адам баласы да жаңа жылмен бірге жаңарып, өзгеше өмір сүруі тиіс. Ол қандай жаңару? Сырт келбетін өзгертіп, жаңа киім кию ме? Жоқ! Наурыздағы жаңару — ішкі дүниенің өзгеріп, кешірім алып, күнәсіз, таза өмір сүруі. Тек сонда Құдай адамға көз қырын салып, пенденің арман-тілегі орындалмақ. «Жаратқан ие мынаны айтады: «Аспан — Менің тағым, ал жер — табан тіренішім секілді. Сонда сендер маған арнап қандай үй сала алар едіңдер? Тынығып демалатын орным қай жер болмақ?! Осы әлем түгелдей Менің қолымнан шығып, пайда болды емес пе? Ал Мен көз қырымды салатындар: күнәларына шын жүректен өкініп, сөзімді терең қастерлеп, іске асыратындар». Ендеше, жаңа жылда жаңаша өмір сүріп, ақ батаға кенелейік, ағайын!

ДАЙЫНДАҒАН Г. АСҚАР

соң, негізгі той басталып, дүйім жұрт мол дастарханға шақырылады. Барлық меймандар жайғасқаннан кейін, қыздың жеңгелері қалыңдықты күйеумен бірге төрге отырғызды. Міне, осы уақытта түрлі-түсті шартылдақ атылып, дүркіреген той басталып кетеді. Әдеттегідей, кезекпен тосттар айтылып, асабаның қиялы бойынша әр-алуан ойындар ойнатылып, тамақ ішіліп болған соң, тойбастар кәдесіне кезек келеді. Бұл рәсім әр тойдың міндетті әрі әйелдер жағының дымын құртатын қызықты бөлігі десек те болады. Онда тәтті тағамдар мен әшекей бұйымдар салынған табак ұсынылады. Ал оларды иелену үшін әр адам ән айтып, не болмаса басқа да өнерін көрсетіп барып, ұтып алуы керек. Осылайша, той қыза түседі...

Қыз ұзатуда қонақтардың қанша болатынын, кімдердің міндетті түрде шақырылуын екі жақ алдын ала келісіп, шешеді. Әдетте, екі жастың үйлену тойына белгілі себептермен келе алмайтындарды осы ұзату тойға қосып жіберуге тырысады. Ал келе алмағандарға міндетті түрде мерекелік дастарханнан сарқыт беріп жібереді. Қонақжай халқымыз осылайша ешкімнің көңілін қалдырмауға тырысып бағады.

Қоштасу тойының ең басты шарықтау шегіне жететін тұсы — соңы. Яғни, қалыңдықтың алдына «Ақ жол» (таза, адал, жолды білдіретін ақ мата) төсейді. Кейбір аймақтарда раушан гүлдермен безендіріп жатады (аяғынан гүл бітсін деген оймен болса керек). Қыздың екі жеңгесі оны қолынан демеп шыға беріске қарай жетелейді. Соңында қыз бала әкесінің батасын алып (осы тұс ең әсерлі), күйеу жігіт сүйіктісінің аяғын жерге типізбей көтеріп алып кетеді. Сол кеткеннен теріс айналмастан, төркініне бір жыл аяқ баспауға тиіс деген заңдылық та болған...

Қыз ұзатылып күйеу жігіттің үйіне келген соң, негізгі дүркіреген той басталады. Әрине... Енді олардың отбасысы толысып, сүйікті қыз, ұлдарының қалыңдығы, болашақ әулет жалғастырар ұрпағының анасы пайда болған жоқ па?.. Яғни, нағыз ТОЙ енді бастау алды...

Мәдина ТОМАШ

зыны қазанға бұзбай салу — үй иесінің келген қонаққа деген ниетін білдіреді. Ет піскенше мейманға кең дастархан жайылып, құрт, ірімшік, бауырсақ, жент, сары май қойылады, қаймақты шай құйылады.

Қазақ дастарханының сәні — әрине, асылған ет. Еттің екі түрлі атауы бар: ұстаған ет және тураған ет. Алдыңғысы — қамырдың үстіне жақсылап жасалып, қонаққа тартылатын ет, ал екіншісі — қамыр мен етті майдалап турап, сорпа қосып араластырылған ет. Ең көбінесе, қарт адамдардың, қонақ кеткен соң отбасы мүшелерінің өздерінің жасап жейтін тағамы. Майда туралып, сорпаға араластырылған тураған ет әрі сіңімді, дәмді, әрі қалған еттің ысырап болуынан сақтайды.

Дастархан — адамның пейілі, ішкі жан-дүниесі, мейірім-шапағаты.

А. МҰСАБЕКОВА